

**ТАРИХИ ТҰЛҒА- ТОБАНИЯЗ  
ӘЛНИЯЗҰЛЫНЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ**

**Отарова А.Н.**

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар  
және инжиниринг университеті  
Ақтау қ., Қазақстан  
e-mail: [akmaral.otarova@yu.edu.kz](mailto:akmaral.otarova@yu.edu.kz)

*Аңдатпа.* Ғылыми мақалада белгілі жазушы Маршал Әбдіхалықовтың әңгімелеріне шолу жасай отырып, ондағы негізгі рух ұлттық сипаттың басымдылығымен байланысты екендігі пайымдалған. Қаламгер шығармаларындағы азаматтық ұстаным, ұлттық рух сияқты халықтық мәселелер талданып, олардың маңыздылығын туындылары арқылы негіздеген. Сонымен қоса М.Әбдіхалықов әңгімелеріндегі адамгершілік аясы, ұлттық ерекшеліктермен бейнеленген қоғам қайраткері Тобанияз Әлниязұлы бейнесі арқылы жан-жақты талдау жасалынған. Әңгімелерінің басты кейіпкерлерін прототиптік негізде ала отырып, өзіндік көркемдік қиял, ойдан шығару шешімін де үйлестіре қолданатындығы сарапталған.

*Түйінді сөздер:* Философиялық проза, көркемдік ерекшелік, стиль, поэзия, ұлттық үрдіс, эпитет, метафора, эстетикалық көзқарас.

Ел-жұртының тағдырын өз тағдырынан жоғары қойған, халқының амандығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ тарихының тұлғалары ұлт тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Халқымыздың тарихында тотолитарлық жүйенің әсерінен тарихи маңызы жоғары оқиғалар мен халқымыздың талайлы тағдыры тудырған көтерілістер, оның басшылары туралы деректер шындықтан мүлдем алшақ жазылды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында ғана тарихи мәселелердің шынайылығына көз жеткізу жүзеге аса бастады. Жетпісінші жылдардың өзінде М.Әбдіхалықовтың туған жерінің, өлкенің тарихи тұлғалары “халық жауы” ретінде жазықсыз жапа шеккен, кейін ақталған көрнекті қоғам қайраткерлері Тобанияз Әлниязов, Оразмағамбет Тұрмағамбет, Төлесін Әлиев, Нұрсұлтан Оңалбаев, Жалау Мыңбаев, Сыдиық Жұбаев т.б. туралы очерктер жазуы – оның тарих, қоғам алдындағы үлкен еңбегі, ерлік ісі деуге болады [1].

Маршал Әбдіхалықовтың “Жұлдыз” журналында жетпісінші жылдары “Қаратөбе келісімі” очеркі жарияланды. Очеркте 1918 ж. тұңғыш Адай ревкомының төрағасы болып сайланған кеңес өкіметін ақгвардияшылардан қорғау, елді сауаттандыру, елшілік, шаруашылық істерімен айналысқан қоғам қайраткері, шешен, би 30-жылдардағы қуғын-сүргіннің құрбаны болып “халық жауы” ретінде атылған Тобанияз Әлниязұлы туралы баяндалады. Тобанияздың бейнесін тұңғыш рет әдебиетте бейнелеген – халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов еді. Сәттіғұл ақын Тобаниязды көзі көрген, оның халқына істеген қызметін, Адай ревкомының тұңғыш төрағасы болып сайланғанын, артынан қатал тағдыр шырғауында темір тордан босана алмай, “солақай саясат құрбанына айналғанына куә болған. Осы жайларға байланысты Тобанияз Әлниязұлына арнап “Тобанияз туралы толғаулар” атты екі үлкен жыр-толғау шығарған. (“Тобанияз хан тұрғанда” (1918), “Тобанияз ұсталғанда” (1929). Ал Тобанияздың тарихи тұлғасын көркем әдебиетте екінші рет сомдаған Қ.Бекхожин. Бұған ақынның өзі айтқандай, Әлібидің үлкен ықпалы тигені сөзсіз. Әйтпесе ақын оны білмеуші еді. Ол кезде Тобанияз Әлниязов “жабық тақырып” болғандықтан, комиссар Маңғыстау сапары, Тобаниязбен кездесулерін жасырын түрде айтқан. Сол себепті поэмада Тобанияз есімі “Атанияз” деп өзгертілген болатын. “Тобанияз есіміне кесір кезеңі салған тозаңды тазалауға тұңғыш талпынған марқұм Маршал Әбдіхалықов. Компартия айға азуын білеп тұрған уақыттың өзінде ол осы тақырыпқа

қалам тартты... – Жалпы Тобекен жайлы бір сүбелі шығарма жазу жоспарымда бар, – деп жүретін еді қайран Маршекең. Амал не, сұм ажал ол арманына жеткізбеді ғой” – деген Ә. Спан дерегіне сүйенсек Тобанияз Әлниязовтың тарихи бейнесін баспасөз бетінде алғаш рет танытқан Маршал Әбдіхалықов екендігіне шүбәсіз көз жеткіземіз.[2] Очерктен “Тобанияз Әлниязұлы кім болған?” деген сауалға жауап ала аламыз. Ол 1918 жылы қазақ даласының төтенше комиссары Ә. Жангелдин Қаратөбеде өткізген 12 болыс өкілдері съезінде сайланған Адай төңкеріс комитетінің төрағасы. Әрине, бұл орынға ел мүддесін қорғай алатын, түбек халқын етене білетін, тиісті орындарда қажетті сөзін айта алатын би, өткір, әділ, шешен ұйымдастырушылық қабілеті зор, Тобанияз сияқты үлкен жүректі Адай елінің бетке ұстар азаматының ғана қолынан келетінін ел ақсақалдары ұсынысымен ұйғарып, ұсынған. Шағын очерктің өзінен көптеген тарихи жайттарға қанығуға болады. Бұдан М. Әбдіхалықовтың сол жетпісінші жылдардың өзінде Тобанияз Әлниязұлы туралы тиісті мәліметтерді білгендігін, оны толықтай жариялауға заманы мүмкіндік бермегенін аңғарамыз.

Қаламгер Тобанияз бейнесіне бұдан әрі дендей түсіп “Жау мен жау”, “Алданияз” әңгімесінде (“Екі әңгіме”) “Ынтызар жүрек лүпілі”, “Ленин тапсырмасы” повестерінде оралып отырады. “Қаратөбе келісімі” очеркі зерттеу негізінде жазылғандығымен құнды. Себебі, автор осы тақырыпты жазу үшін мұрағат деректері, әскери құжаттармен жұмыс жасаған, кәрікұлақ шежіреші қариялардан Тобанияздың көзін көрген Жазмағанбет Қызылбаев, туысқаны Бүркітов Айтуар, ғұлама ғалым Әлкей Марғұландардың естеліктері негізінде баяндау әдісімен деректерді келтіре отырып жазады. Очеркте Қазақстан тарихына “Қаратөбе жиыны” деген атпен енген оқиға Маңғыстау түбегінде 1918 жылдың 22-25 сентябрь (қыркүйек) күндерінде өтеді. Оқиғаның болуына Әліби Жанкелдиннің интернационалдық отрядының Маңғыстау сапарында Маңғыстауда кеңес өкіметін жариялауы негіз болды. Ә.Жангелдин отрядына Тобанияз елден күш-көмек жинап беруді өз мойнына алады. 3 күнге созылған екі жақты даулы мәжілістің соңы Маңғыстауда Совет өкіметін жариялаумен шешіледі. Оны басқаратын революциялық комитет құрылып, төрағасы болып Тобанияз Әлниязов сайланады. 1919 жылғы Советтердің бүкіл қазақстандық бірінші мәжілісінде Маңғыстау еңбекшілерінің өкілдерін Т.Әлниязовтың бастап алып баруы, 1920 жылы Ақтөбе облысына қарасты Қопа жерінде Адай, Табын, т.б. рулардың съезінде де Ленин атына телеграмма жібергендігі әңгімеленеді. “Қаратөбе келісімі” очеркінің қолжазба нұсқасындағы Тобанияз бен Мәтжан бидің арасындағы ақылдасқан мәселелері баспадағы нұсқасында шықпаған. Ендеше, олардың ара өзара сөйлескен әңгімелері не туралы еді? Қолжазба нұсқасының айырмашылығы мынадай деректер болатын. – 1834 жылдан Новопетровск қорғанын патша өкіметі әскери бекініс ретінде салғаннан бастап Маңғыстау жұртшылығы 2 жақтан – бірі – Хиуа ханы Аллақұл, екіншісі – патша өкіметінің шексіз алым-салығы, қанды шабуылдарынан көз ашпаған. 1870-1873 жылдардағы Иса – Досан көтерілісінен кейін патша өкіметі Маңғыстауды басқа қазақ елінен бөлек алып, біресе Кавказ, біресе Түркменстанға бағындырды. Осы көтерілістен кейін қазақ руларын біріне-бірін қарсы қойып, Маңғыстаудың өзін бөлшектеу саясатын ұсынып, ел ішіндегі жай әлі сол қалыпта екендігі жөнінде кеңескендігі мұрағат деректері, тарихи фактілермен баяндалады. Осындай ел басынан өткен жағдайларға байланысты Тобанияз келген өкіметтің халық үшін қызмет жасайтынына сенімін нықтау ойы болған. “Мен күнге сенемін” атты жазушының жеке мұрағатынан табылған очеркте Тобанияз туралы мұрағаттардан деректер келтіре отырып, оның өміріне, қоғамдық қызметтеріне тоқталады. 1918 жылы Маңғыстау түбегінен Ақтөбеге бағыт алған Ә.Жангелдин отрядына көмек ұйымдастырғаны үшін ел билеуші атаман Толстовтың Тобаниязға, ол құрған ревкомға деген ашу-ызасы адайлардан ақшалай, малдай салық төлетуге мәжбүрлейді. Олардың бұл құқайынан Тобанияз айлакерлікпен “той” жасап құтылып кетеді. Бұл жөнінде сол кезде “Яицкая” газетіне мақала жазылды. Осылайша, Тобанияздың совет өкіметіне деген өшпенділігі болмаса да 1930 жылы “Ш.Ералиев деген кісіні кемеден суға лақтырып жіберген” деген жалған жаламен Маңғыстаудан қамалған 31

адамның бірі ретінде ұсталып, 1933 жылы жазықсыз, айыбын мойындамаған күйде “атылғаны” турасында айтылады. Очерк соңы: “қазір біздің қолымызда ол кісі ақталды. Ешқандай кінәсі жоқ” деген бір жапырақ қағаз бар” деп аяқталады. Тобанияздың ақталғандығы туралы қағаздың ең алғаш Маршалдың қолға түсіргені туралы М.Дүйсенов естелігінде де айтылады: “...Тобанияз Әланиязұлының тағдыры Маршал ағаны қатты толғандырып жүргені есімде: “Т.Әланиязұлының ақталғандығы жөнінде анықтама қағазды қолға түсірдім” деп балаша қуанғанының да куәсі болуыма тура келді. Подольск архивінен тауыпты...”. [3]. Тобанияз туралы деректерді, тарихи танымдық мәні зор ел тарихына қатысты ресми материалдарды жинақтаған І.Сариев: “Бұл деректерді жазушы Маршал Әбдіхалықовтың да айтқанын естіп едім. Марқұм Маршал тірі кезінде Тобанияз жөнінде бірқатар материалдар жинаған деп естіп едік, олардың қазір қайда, кімнің қолында екенін білмейміз”, – деген өкінішін де білдіреді. [4,876].

Расында, Тобанияз Әланиязұлы, Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы туралы мол мәлімет, дерек көздерін жинақтаған М.Әбдіхалықовтың ауызекі әңгімелерден естігеніміз бойынша көркем туынды жазу ойында болған. Әйтсе де, өкінерлігі сол, ол материалдардың жазушының жеке мұрағатында сақталмауы, қолымызға түспеуі. “Қаратөбеде келісімі” очеркі жазылған тұста Тобанияз туралы жазбақ түгілі, айтуға тиіс емес болатын. Ол туралы деректер жабулы жатқан кез. Дейтұрғанмен, жазушы осындай заманның қатал кезінде әдебиетті пайдаланып Тобанияздың көркем бейнесін жасады. Бұл жазушының ұлттық рухының күштілігінен дер едік. Тобанияз туралы кейіннен “Алданияз” (“Қызыл жұлдыз”, “Жау мен жау”) әңгімелері жазылды. “Қызыл жұлдыз” атты бірінші әңгімеде қазақ ауылына біртіндеп ене бастаған кеңес өкіметінің өзгерістерін сипаттайды. Әңгіме шағын көлемді болғанмен көтерген жүгі салмақты, көркемдік қуаты мен идеялық мақсаты тұрғысынан да көңіл аудартады. [5,496]. Кедей өмірі мен ауыр тұрмыстары шындық сипатында бейнеленеді. Шығармада Қармыс жылқышының өмірі – түзде, мал бағумен өтсе, бас кейіпкер Мұраттың әкесі де осы Кенжебайдың жылқысын бағып жүріп, байдың әділетсіз ісіне қарсыласамын деп дау үстінде қатты сойыл тиіп өледі. Шығарма оқиғасы Мұраттың он бір-он екілер шамасындағы апасы Ақкүмісті Кенжебаймен келіскен біреудің әйел үстіне зорлықпен тоқалдыққа алып кетуінен бастап өрбиді. Байда есесі кеткен бала да болса намысшыл Мұрат: “Жарлы жетім адамның күні осы емес пе, не істей аласың бейшара бала” деп мүсіркеген өздері сияқты бай есігінде жүрген Қармыстың әйелінің тоқтау салған сөздеріне қарамай, еріксіз әлдекімнің жетегінде кеткен апасын құтқарудың әрекетіне шындап кіріседі. “Саған көмектесе бір-ақ адам көмектеседі, ол – Алдакең–Алданияз” дегенді естігесін Алданиязға барады. Алданияз – Маңғыстау өлкесінің тұңғыш ревком төрағасы Тобанияз Әланиязұлының прототипі. Мұрат Алданиязды тауып, оған көрген жапасын айтқасын, қасына жаңа үкіметтің үш адамын ертіп жібереді. Жаңа заман өкілі ретінде олардың “Ақкүмісті қайда, кімге жібердің?” деген сауалдарына ескіліктің содырлы сарынын көкसेген, халықты, ауыл адамдарын өз уысында ұстап, ескі жолмен жүруді аңсаған, сол арқылы ұпайын түгендеп, дүние жинап, бедел алғысы келетін Кенжебай тіпті айтқандарына құлақ аспай, мойын ұсынбайды. Ақкүміс өзінің сүймейтін адамына еріксіз барғанына іштей наразылық танытып, қаламаса да, жеме-жемге келгенде, ескі дәстүрдің ауыр жүгін иығынан сілкіп тастай алмай, көнбістік көрсетеді. Үлкендер билігіне бой ұсынады. Еркіндік таңының кедейлер өмірі үшін қымбатқа түсіп жатқанын Алданияз, Мұрат бейнесінен көрсетеді. Бұл бейнелер әділдік үшін ғана емес, еркін өмір, теңдік заман жолында қашан да күреске дайын екендіктерімен, болашаққа деген сенімдерінің жоғарылығымен нанымды әрі әлеуметтік теңсіздікке, үстемдік атаулыға жан-тәнімен қарсы кедей тобының өкілдері. Әңгіменің соңында Алданияздың “Әнеукүні кеткен Әліби бір нәрсе айтты ғой. Қалаға бар. Шәрлі жерде оқу бар. Қызылдардың адамын тап, соларға ер. Тілегім, берер батам сол”, – деп Мұраттың келешегі оқып-білім алуда екенін, жаңа заманның беталысын, өзгерісін көріп-танысын деген оймен тұжырымдайды. Балалық шағы қашанда қытымыр жандар еншісіндегі Мұрат тағдырында балалықтың өткінші шаттығымен қоса, айықпас мұң, нала, ішкі ыза-кек бар. Автор осы бір кезеңнің ауыр

зардаптарын жас бала Мұраттың көңіл-күйімен сабақтастырып, байланыстырады. Мұрат басындағы жай арқылы бір жанұяның, сол арқылы белгілі бір тарихи кезеңнің, әлеуметтік ортаның келбетін көз алдымызға әкеледі. “Жау мен жау” атты екінші әңгімесінің оқиғасына бейқам отырған Алданияз ауылына мылтық асынған бес-алты аттының келуі себеп болады. Алданияз бұл кезде суы тапшы өлкеде мал суарудың қиындығын шешпек болып бұрынғы ата-кәсіптің бірі – құдықшылықты кәсіп етсе де қасына бес-алты жігіт алып жер астымен шыңырау құдық қазып жатырған болатын. Ол ауылға келгесін тілмаш та, қасындағылар да оны сұрақтың астына алып, өздерінің ақтардың адамдары екенін білдіреді. “Олардың талабы – бүкіл Маңғыстау елінен салық жинау екен. Үй басынан жүз сом. Ақшалай не малдай жинау. Генерал Толстов өзін “Осы түбектің қожасы” деп жариялаған. Олардың туралап келіп Алданияз ауылына ат тірегені оның өткен жылы бұлардың жауына істеген қызметтерін білетін көрінді. Енді, генералға сондай қызмет көрсетсе, кінәсі кешіріледі. Әйтпесе, мұны қол-аяғын байлап, Гурьевке алып келу тапсырылған”. Алданияз қарулы кісілердің Үйшіктен ат сабылтып жүруінің берсе қолынан, бермесе жолынан” деп неге де болса тайынбайтынын, шын жаулық ниетпен келгенін түсінгеннен кейін ел ақсақалдарымен ақылдасады. Ақылдаса келіп, бұлардан құтылудың бір айла-амалын ойластырудың жолы – “той, сүндет тойын” өткізуге рұқсат алу деп шешеді. Олар балаларды сүндеттеуге арналған тойға оншалықты мән бермей, рұқсат береді. Әрі-бері ойланып, сенімді деген адамдармен ақылдасқан Алданияз оқыс қимылға бел байлайды. Қолға түскен жауларды бірі “өлтіру керек” дегенмен Алданияз бір шешімге келіп: “Бұларды өлтіргенде бізге не түседі? Сонау қияннан қайбір еркімен келді дейсің? Анау генерал жұмсаған соң амалдары бар ма? Пәле сол генералда ғой. Бүлік шығарып жүрген де өзі. Ендеше сол адамдарының кейпін өзі көрсін. Әйтпесе, қапиясын тауып тасадан өлтіріп тастады дер. Содан кейін бұл елге қайта қоқыраңдамасын деп те жеткізетін кісілер керек қой” деген тоқтаммен, оларды адамдарына Құлсарыға дейін апарып тастауға тапсырма береді. Кейін осы оқиға жөнінде 1919 жылдың 31 қазанындағы “Яицкая газетінің” № 47-санында “Реті келмеген алым” деген мақала жарияланады: “Толстов бандасының жолы болмай қайтты. Біздің қолымызға түскен анық мәлімет бойынша ол октябрь айының ортасында адайлардың үй басынан 100 сом салық жинауға отряд жіберген. Олардың келген мақсатын түсінгеннен кейін адайлар шығыс халқының қулығын жасаған. Олар ақылдасуға уақыт сұрап алып, үлкен той ұйымдастырған. “Той” үстінде тойған отрядтың бар қаруын сыпырып алып, Толстовқа бізді мазаламай аулақ жүр, әйтпесе бүкіл отрядыңды қырып тастаймыз деп талап қойған. Қоқандаған ұлы мәртебелі мырзаның адайлар талабына көнбеске амалы қалмаған”. Генерал Толстов әскерінің елге тұтқиылдан келіп салық салмақ болған жәбір-жапасына, қанды қырғынның болуының алдын алуда Алданияздың терең ақылы мен пайымы, көпті көргендігі, айлалығы себепті болды. Алданияздың бұл іс-әрекеті оның нағыз халық үшін туған, қайраткерлік, күрескерлік дәрежесін танытады. “Жау мен жау”, “Қызыл жұлдыз” әңгімелерінде тартыс сипаты Алданияз бен ақтардың офицерлері, қанаушы тап өкілдерінің арасынан байқалады. Тарихи тұлға, қайраткер туралы жазғанда жазуға өткенді біліп қана қою жеткіліксіз. Ол өткеннің өнегесі мен өкінерлік жерлерін де жетік білуі қажет. М. Әбдіхалықов әңгімелерінде Тобанияздың өмірінің жекелеген кезеңінен ғана арқау ете отырып, сол арқылы қоғамдық-әлеуметтік тартысты тереңірек көрсетуді мақсат етеді. Шағын екі әңгімеден Маңғыстауда кеңес өкіметінің орнауы, сол жылдардың қиын-қыстау, дүрбелең кезеңінің ақиқаты айтылған. Шығармасының кейіпкері – Алданиязды ел басына қиындық түскен, сын кезеңде көреміз. Оның салмақты, салқын қанды, қысталаң шақтарда жол тапқыш, халқын шын сүйген, ер мінезді, өжет, батыл тұлғасынан, небір қауіп-қатерге де елі үшін басын тіге алатын ел басшысының образын танимыз. Толстов әскерлерін ың-шыңсыз қолға түсіру әрекетінде Алданияз тапқырлықтың, ақылдылық, парасаттылықтың, тосын әрекеттің ерекше бір үлгісін танытады. Күші басым “ажал оғын себуге” келген аяусыз дұшпанның өрекіпген астамшыл кеудесін басу, айла-тәсілмен ұтқырлық таныту, құрылған ажал құрығынан бүкіл ауыл-аймақ, жеке қара басын алып шығу үшін тиімді де

төте жолды тани алуы оның өр тұлғасына лайық жайттар. Тобанияз ертеңін ойлайтын өте әділ, дұшпанына да қажет жерінде өзін қай қырынан да мойындатып, бағалата алатын жан. Қолға түсіп, ойламаған жерден мүсәпір күйге түскен ата жауына да мәрт мінез көрсетеді. Маңғыстаудағы революциялық комитеттің тұңғыш төрағасы қызметін атқарған қоғам қайраткері Алданияздың саяси-идеялық қалыптасу, өсу кезеңдерін көрсететін бұл әңгімелерде оған кеңес, ақыл беруші, ой салушы, революциялық күрес жолында оны қанағаттандырып, баулыған өзіндік ортасы, қауымы болғаны ақиқат. Негізгі оқиғаларды ғана баяндап отырып, кейіпкерлер психологиясын, мінез-құлық ерекшеліктерін көрсетуге, көбінесе революциялық комитет төрағасы, ел басшысы Алданияз образын жан-жақты ашуға баса назар аударады. Ол кейіпкер мінезін ашу, жағымды қасиеттерін бейнелеуде сөз арқылы дәлме-дәл сипаттамай, Алданияздың іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы, сөз саптауымен де оқырманға әсерлі түрде ұқтырып отырады. Алданияз Маңғыстауда жаңадан орныға бастаған қоғамдық-саяси жүйе кеңес үкіметінің өкілі ретінде халықпен тілдеседі, жүрегіне жол табады. Жаңа заманның мәнін, ертеңгі болашағын, ел ішіне орнаған жаңа үкіметтің түпкі мақсатын түсінеді. Осы түбекке ревкомның төрағасы етіп сайлап кеткен комиссар Жанкелдиннің өзіне тапсырған қоғамдық үлкен жүкті, елдің ертеңгі тағдырының жауапкершілігін сезінеді, соған сәйкес әрекет жасайды.

Қорытындылай келгенде, қаламгер аталған туындыларында бас кейіпкерлер тағдыры арқылы қазақ тарихының белесінде осындай орасан зор халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласып, басқарған, ұйымдастырушы болған Тобанияз Әлниязулының тарихи тұлғасын тарихи оқиғалар арнасында елдік идеямен сабақтастыра бейнелеген. Арнамысты қолдан бермей, елдік мәселелерді терең білімі, көрегендігімен көркейте білген бұл ұлы тұлғалар ұлтын сүйген ұлы жүрегімен халқының, келер ұрпағының жадында мәңгі қала бермек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оспан С. Ет жүрегі елім деп елжіреген. // Қазақ әдебиеті 1996, 24 желтоқсан
2. Әбдіхалықов М. Қаратөбе келісімі. // Жұлдыз. – 1973, №1
3. Дүйсенов М. “Менің Маршалым”. // Маңғыстау. – 1986, 10 тамыз
4. Сариев І. Қанды ойран. Алматы: Жазушы 2001. – 208 б.

#### ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ ИСТОРИЧЕСКОГО ДЕЯТЕЛЯ ТОБАНИЯЗА АЛНИЯЗУЛЫ

*Отарова А.Н.* - Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: akmaral.otarova@yu.edu.kz.

*Аннотация.* В данной научной статье рассказывается о произведениях известного писателя Маршала Абдыхалыкова, дается обзор всей истории того периода, показывается национальный приоритетный характер духа народа. В произведениях писателя затрагиваются такие проблемы людей, как гражданская позиция, национальный дух и их значение в жизни. Гражданская позиция, национальные особенности в произведениях Абдыхалыкова были всесторонне раскрыты через образ общественного деятеля Тобанияза Алниязулы. Было заключено, что основные герои его произведений были созданы на прототипной основе, что доказывает совпадение художественного воображения с действительностью.

*Ключевые слова:* Проза, художественные особенности, стиль, поэзия, национальная традиция, эпитет, метафора, эстетическое мировоззрение.

#### IMAGE OF THE HISTORICAL THE ARTISTIC FIGHTER TOBANIYAZ ALNIYAZULU

*Otarova A.N.* - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: akmaral.otarova @ yu.edu.kz.

*Abstract.* This article describes the works of the famous writer Marshal Abdyhalykov, gives a review of the whole history of that period, shows the national priority character of the spirit of the people. In the writings of the writer, such problems of people as civil status, national spirit and their significance in life are touched upon. The civil position, national peculiarities in the works of Abdyhalykov were comprehensively revealed through the image of the public figure of the Tale of Alniyazuly. It was concluded that the main characters of his works were created on a prototype basis, which proves the coincidence of the artistic imagination with the effectiveness.

*Keywords:* Prose artistic features style poetry, national tradition, philosophical thought, aesthetic outlook.

